



ҚазМұнайГаз СҚПС

# Мұнайлы Өлке

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№12 (110), желтоқсан, 2018 жыл



## Құрметті мұнайшылар, әріптестер!

Баршаңызды келе жатқан жаңа - 2019 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл – бәріміз ақ пейілмен асыға күтетін айрықша мереке. Бұл - өткенді саралайтын, келешекке бағдар жасап, ертеңге батыл жоспарлар құрылып, үлкен міндеттер жүктелетін уақыт.

«Өткен жылға өкпе жоқ, жаңа жылдан үміт көп» дейді халқымыз. Тарих қойнауына аттанғалы тұрған жыл Компаниямыз үшін жемісті болды. Компанияның әлеуметтік саясатының игі нәтижесінде Асар кенорнында мұнайшылар жатақханасы, жасыл футбол алаңы, кітапхана, тренажер залы сияқты әлеуметтік нысандар мұнайшылар игілігіне берілді.

Жылдағы дәстүр бойынша мұнай өндірудің жылдық жоспары асыра орындалып, 30 желтоқсан күні 6 млн. 374 мың тонна мұнай ел байлығын еселейді деп күтілуде.

**Қадірлі мұнайшылар, құрметті әріптестер!** Компания жеткен жетістік, бағындырған биік, әрбір асқан асуларда Сіздердің өлшеусіз үлестеріңіз бар. Еңбекпен елдің көркеюіне үлесін қосып жүрген барлық мұнайшының мәртебесі биік, мерейі лайым үстем болсын. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жаңа жылдың біздің компаниямыз үшін бұдан да жарқын боларына сенім мол.

Құрметті әріптестер! Компанияның дамуы мен гүлденуіне қосқан еңбектеріңізді жоғары бағалай отырып, Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, ұзақ ғұмыр тілейміз. Жаңа жыл – жаңа жетістіктер мен жаңа бастамалар жылы болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

Бас директор

Лю Цзиньчэн

Бас директордың  
бірінші орынбасары

Б.А. Иманбаев





# ЕГЕМЕНДІК - ЕЛ БАҚЫТЫ, ЕРТЕҢІ,

Кемел келешектің жолында бір мақсат, бір мүддеге жұмылған «Манғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымының ел Тәуелсіздігінің 27 жылдығына арнаған шаралар шоғыры мерекеден бірнеше күн бұрын бастау алған еді.

Бас кенседе ұйымдастырылған мерекелік жиынға аталған акционерлік қоғамның басшылары, осы салаға еңбегі сіңген ардагерлер мен мұнайшылар және қонақтар қатысты. Мерекеде жер байлығын ел игілігіне жаратқан мұнайшылардың еңбегі еленіп, жетістіктері бағаланды.



Тілектес Ізтілеуов, Нұрмұхан Қанатбаев, Бөгенбай Кожиков, Сәмен Нұрхасанова, Дари Токжанова, Қалабай Төлегенов, Ақдөлет Шұпашевқа «Ақтау қаласына -55 жыл» төсбелгісі тапсырылды. Бұдан өзге еңбек ұжымының озаттары да «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасы, «Казмұнайгаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталды.

Құттықтау тілегін жалғаған «Манғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тарғын Мысамбаев еңбек ұжымына табыс тілеп, кәсіподақтың дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосқан қызметкерлерге айрықша сый-сияпат жасады. Осы қатарда, Жетібай Тулегожаевқа «Мұнай-газ кешені қызметкерлері салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» медалі табысталды.

Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара Асар, Қаламқас кенорынында жалғасты. Сон-салтанатқа толы мерекелік шараны мұнайшы өнерпаздар әсем әнмен әрлеп, күмбір күймен көмкерді. Осылайша, мереке күні ел экономикасының еңсе тіктеуі жолында талмай қызмет етіп жүрген еңбек адамдары ыстық ықпалса, шалдыман шаттыққа бөленді.

Компаниядағы биылғы Тәуелсіздік мерекесінің мазмұны терең, әсері ерекше болғанын айрықша атап өткен жөн. Тәуелсіздік мерекесі ұжымды бірлікке, барды қастерлеуге, тарихты тереңірек ұғынуға жетелегені, бұған қоса, әрбір қызметкерді қасиетке жетерлендіріп, көңілдерін көкке өрлеткені ақиқат.



Салтанатты жиында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Лю Цзиньчэн және Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Тулегожаев көпшілікті ел тарихындағы мерекемен құттықтап, ақарма тілегін жеткізді.

— Құрметті мұнайшылар, қадірлі әріптестер! Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктен асқан бақыт, Егемендіктен асқан мәртебе, Азаттықтан асқан салтанат жоқ. Осыдан 27 жыл бұрын Қазақстан халқының тәуелсіздігі арқасында әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекет - Қазақстан Республикасы пайда болды. Елдің егемендігін дүние мойындады. Содан бастап рухани мұрасы мол, экономикалық қуаты зор Қазақ елі әлемде өз орнын алуға ұмтылып, өркениеттік дамуға үлесін қосып келеді.

«Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ұжымы осы жылдар ішінде талай экономикалық дағдарыстардан мүдірмей шықты. Бұл орайда ел егемендігін нығайтуға қосқан үлесімізді мақтанышпен айта аламыз. Әсіресе Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары орын алған экономикалық ауыр жағдайларды еңсере білдік. Бүгінде инновациялардың ағынына ілескен компания жер асты байлығын игеруде жаңа технологияларды қолдану арқылы Қазақстандағы алдыңғы қатарлы өндіріс орнына айнала білді.

Сонғы жылдар ішінде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ жыл сайын 6 миллион тоннадан астам мұнай өндіруге қол жеткізіп отыр және өндірілген мұнайдың көлемін

жылдан-жылға ұлғайтуда. Осы жылы да мұнай өндіру жоспарын артығымен орындаймыз деп болжап отырмыз. Өндірістің өркендеуі, жеткен жетістіктеріміз, бағындырған белестеріміз, қадірлі мұнайшылар, Сіздердің қажырлы еңбегіңіздің арқасында қол жеткен жетістік. Компанияның Отанымыздың экономикалық қуатының қарқынды дамуына қосқан сүбелі үлесі деп есептеймін.

Құрметті әріптестер! Сіздердің қажырлы еңбектеріңізге алғысымды айта отырып, жанұяларыңызға береке-бірлік, дендеріңізге саулық тілеймін. Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Жетібай Тулегожаев.

Салтанатты сәтте қызу еңбек қарқынның қалыптастырған ардагерлер - Мұратбай Жақсығатов, Есқабал Баймағамбетов, Сапарғали Жанұзақов,



## НАЗНАЧЕНИЯ \* НАЗНАЧЕНИЯ \* НАЗНАЧЕНИЯ



С 7 декабря 2018 года заместителем Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз» по экономике и финансам назначена Шолпан Ильмуханбетова.

Шолпан Ильмуханбетова родилась 15 февраля 1974 года в Костанайской области.

В 1995 году окончила Казахскую государственную академию управления, по специальности «Бизнес и менеджмент, экономист».

В 1997-1999 годах обучалась в Казахском государственном национальном университете им. Аль-Фараби, по специальности «Правоведение, юрист».

В 2013-2015 годах прошла обучение в Алматы Менеджмент Университете – «деловое администрирование, магистр делового администрирования».

Трудовую деятельность начала в 1995 году с должности специалиста 1-ой категории Мангистауского областного финансового управления. Далее работала ведущим специалистом, главным специалистом, начальником отдела, заместителем начальника Мангистауского областного финансового управления.

В 2005-2008 годах – заместитель директора Департамента экономики и бюджетного планирования Мангистауской области.

04.2008 – 03.2012 – заместитель начальника ГУ «Управление экономики и бюджетного планирования Мангистауской области».

03.2012 – 03.2013 - начальник ГУ «Управление экономики и бюджетного планирования Мангистауской области».

С 26.03.2013 по 05.12.2018 г. – заместитель акима Мангистауской области.

С 7 декабря 2018 года - заместитель Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз» по экономике и финансам.

# МҰНАЙШЫ ЕЛ, ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚУАНЫШ!

Желтоқсан айының 13 және 14 жұлдызы күндері еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында Компания жастары мен «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш партия ұйымының белсенділері біріге отырып Компаниямызда дәстүрге айналып үлгерген «Қартқа құрмет – жасқа міндет» қайырымдылық акциясы мен Компания құрылымдық бөлімдері қызметкерлері арасындағы «Брейн-ринг» зияткерлік ойынын өткізді. Шаралар елдігіміздің 27 жылдығына және «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына арналды.



## ҚАРТЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ МОЛ

Біз бүгін қаншалықты аяқты алшаң басып, арқаны кеңге салып жүрсек мұның бәрі әуелі Алланың бұйырмасы, содан соң бүгінде құрметті еңбек демалысына шығып отырған аға буын өкілдерінің қажырлы еңбегінің жемісі. Қазақта «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді» деген аталы сөз бар. Қазақ елінің басты байлығы - жерінің астындағы қазбасы емес, жердің үстіндегі қариялары. Осы орайда, қартын сыйлаған елдің қазынасы мол болар деген бастамамен Тәуелсіздік Күні қарсаңында жас мұнайшылар Кеңесінің тұрақты шарасы «Қартқа құрмет – жасқа міндет» қайырымдылық акциясы жүзеге асырылды.

Шара барысында жастар, Партия мүшелері жігерлі жылдарын Компанияның өркендеуіне – Тәуелсіздігіміздің тұрақтауына сарп еткен бір топ сала



ардагерлерін мерейлі мерекелермен құттықтап, қалалық әкімдік атынан Ақтау қаласының 55 жылдық мерейтойына арналған естелік төсбелгілер мен Компания Басқармасы атынан сыйлықтар тапсырды.

Алғаш боп ат басын тіреген жеріміз - еңбек жолын «Жетібаймұнайгаз» өндіру басқармасынан бастаған «Батыр ана» Сәмен Нұрхасанова апаның шаңырағы болды. Сәмен апа қызметін қатардағы мұнай-газ өндіру операторынан бастап, «ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы атағына» дейін жеткен мықты маман, білікті ұстаз. Сапалы еңбегі үшін жоғары наградаларға ұсынылып, елдің ықыласына бөлене білген мұнайшы. Бүгінде немерелер мен жиендердің ортасында бақытты күн кешіп, рулы елдің анасына айналып

отырған жайы бар. Сәмен апаға Ақтау қаласының әкімі, «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының төрағасы Ғ. Ниязовтың атынан Ақтау қаласының 55 жылдық мерейтойына арналған естелік төсбелгі мен жас мұнайшылардың атынан 30 000 теңге көлеміндегі сыйақы табысталды.

Одан әрі құттықтаушылар әр жылдары Компанияда қызмет еткен Ұлы Отан соғысының ардагері Қамқа Үмбеталиқызы, Збира Сатыбалдиева апаларымыз бен Нұрмұхан Қанатбаев, Қалабай Төлегенов ағаларымыздың табалдырығынан аттап, шаңырақтарындағы шаттықтың куәсі боп қайтты. «Бейнет түбі – зейнет» демекші, кен игеру кезі мен қайта құру заманындағы қиындықтар, сондай-ақ тоқсаныншы жылдардың тоқырауына шыдас беріп, өндірістің тасын орға жықпаған майталман мұнайшылар тұрмысының көтеріңкі күйі қуантты. Іргелері бүгін, көңілдері тоқ екен. Тосын сый жасап келген жастарға танырқап, балаша қуанып жатты. Екпінді еңбек жылдарынан естеліктер тарқатып, ардагерлерін қашан да назарынан тыс қалдырмайтын ұйымшыл мұнайшылар ұжымына ыстық ықыластары мен аталық ақ баталарын жолдады.

## «БРЕЙН-РИНГ» - ОЙШЫЛДАР ОЙЫНЫ

Мерекелік шаралар желтоқсан айының 14-күні Компания құрылымдық бөлім қызметкерлері арасындағы «Брейн-ринг» зияткерлік ойынымен жалғасты. Долаға делеттегідей «Қаламқас», «Жетібай» және «Ақтау» командалары қатысты. Ойын Тәуелсіздік күні мерекесі мен «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына арналғандықтан сұрақтар желісі де осы бағытта өрбіді.



Үш кезеңде қырық бес сұрақты қамтыған ойын тартымды да тартымды болды. Кейбір сұрақтардың жауабын ойыншылар ойлануға берілетін уақытты пайдаланбастан айтып жатса, кейбірі жауаптарда мүдірді. Мәселен, «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы?» деген сұраққа зияткерлер «Халық» деп мүдірместен жауап қатса, «Қамшыгер деп кімді айтамыз?» деген қарапайым сұраққа жауап таппай қалып жатты.

Таным көкжиегін кеңейтуге бағытталған бұл доданың бергенінен әлі де берері көп. Ойыншылар әрбір кезеңге дайындық үстінде үлкен ізденіске ден қойып, ойын кезіндегі сұрақтар арқылы да өздері үшін жаңалық ашып жатады. Бұдан ұтпасақ, ұтылмасмыз анық.

Сонымен, жоба тұсауы кесілгені бәрі үш жылдың ішінде алғаш рет ойын жеңімпазы болып «Ақтау» командасы танылды. Ал «Жетібай» мен «Қаламқас» командалары сәйкесінше екінші және үшінші орындарға тұрақтады. Кезеңнің үздік ойыншысы атағы қырағылығымен көзге түскен қаламқастық Райымбек Түзеловке бұйырды. Жеңімпаздардың барлығына естелік кубоктар мен қаржылай сыйақы табысталды.



# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙҒАЗДЫҢ» МАҚТАНЫШТАРЫ

## Әртүрлі әлеуметтік нысандар салынған «Асар» кен орнына:



Ал бүгін «Асар» қиынай, «Асар» қиынай!  
Арудай бойын түзеп, жасап қоямай,  
Қырық бес жылдан берді тарихында  
Құттырып, қызғандыраңдай жағдайындай.

Ынтымақ, бірлік түйі – ырыс шығар,  
Жақсылық «жақсы» деген дұрыс шығар.  
Сезіммен жасап ақша, жасамаған,  
Жаңа спорт кешені мен кітапхана,  
Маз-мейрам, маз-сарғе жұмысшылар.

Риза боп мерекені март ұланы,  
Мұнайшылар күніне тартуына;  
Жадымен жасып сен еңбеккерің,  
Артағы жұмысшылар қарсаңың да.

Жабықпай түбегіңнің әр төбесін,  
Найзағаймен қос төңірегіңді де қосып;  
«Маңғыстаумұнайгаз» жасай берсін,  
Көтеріп мұнайшының мәртебесін!



## Футболдан республикалық турнирде бас жүлдені жеңіп алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның ардагерлер командасына:

Жүртімің сенің айналасың, жер болса ма?!  
Ұлап намысың жартыласа, ұза болса ма?!  
«Қазмұнайгаз», «Трансойл», «Қаражанабас»  
Қанша дүздігің қамтыса бұл доғасың.

Кізі мұқамың бір жерге теріп алған,  
Қарсыласты қол, жоғары, төрін алған.  
Ардагерлер ұжымы – ақындырың,  
Астанадағы бас жүзде жеңіп алған.

Жаң ортаңды зорымен зорып қалдың,  
Сөзіңді тіп сыйрағың жолға қалды.  
Мысқабас Тарамтың амысы басып,  
Біздің ерлер бірінің артында алды.

Жағсы тілек жерде жасай жасама ма?!  
Баба сөзі жер болған батылың.  
Түлбасе Айбосын қорқытқанда  
«Ең үздік» қайырмаң атың да.

Тұлпар қызың бұл даңа тұрды ерін,  
Сұмар қалың бердіме жұрткерін.  
Ардагерлік жаса да өрнеп шыққан  
Құтты болсын жұлдызды Күлсерің!



## «Үздік қақпашы» атағын жеңіп алған Самат Ысмағұловқа:



Қиынсың қарсыластың сөз соқпандай,  
Ал білес жүрі жоқ жаса соқпандай.  
Өлкенің, елін тұрсаң мықам қорғап,  
Қалдырмай сандыққа да сол соқпандай.

Өзіңнің өнеріңе тәнті болып,  
Сезімің біздерді өз сезес қалмай.  
Ринат Давытовтар риза болып,  
Лев Янин, Хосе Луис қол соқпандай.

Атыңды бес Зорбайдың қорғанды,  
Өңкері Шамшұлының мергендігі.  
Дерманы бойынша да ұрпақ болып,  
Құдайдың өсиетіне не бергендігі?!

Арпағы оқығанды та – мыл атыңды,  
Келіңіз «қайырмаңыз» – бір атыңды.  
Сүйеу Берік пенен екеуіңді  
Сөзі болсын, көмектесу – мұратыңды.

Алдыңа аш жетіңізді асың құдайың,  
Қанаша бізге басқанды өңді.  
Жадысың жұмысшысың уи аш беріп,  
Мүдделі мәжбүрсіңізді жасап тындың.

Арпағың ұлтанды жүзет, ұранды еті,  
Азымаң төңірегіңді тұрар ма өйді?  
Қиынсың компанияның қорға берің,  
«Мұнайгаздың» Ордабасы Құрабесі.

## III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері Қиықбай Аймағамбетовке:



Арпағың – ардақтың бұкісі ең,  
Шеңберің ұлағып, үздігі ең.  
Бі Қабас, батыр Мұнай, Таймас: шана,  
Түрліленбей тұрадыраңдай тұрғаны ең.

Өмірді адалдығымен зерлеп өттің,  
Мандайым тек еңбекпен терің өттің.  
Отыз жыл оператор, иескер болып,  
Он жылдай машинасың боп еңбек еттің.

Тек сана еңбекпенен өртендің,  
Без жасап, бір демалып қорғандың.  
Қырық жасы қызметке келе жатсаң,  
Хуаузы сол еңбектің – өрденің.

Айналым мінезі еңбек міндетіңе,  
Ілісің үзгендерді ұрметіңе;  
Неленін Елбасың «Алғыс хатын»,  
Бөленің «Қазмұнайгаз» құрметіңе.

Өмірден алып бары кересіңді,  
Жемісің еңбекіңді тере білдің.  
Қанаша «Сайыр түйі – сары алымы» деп,  
Сабырты мінезіңмен жеңе білдің.

Ең алып қатарыңа қарайың,  
Айнадың атағың жаңауың,  
Айбарың әлсіздің жасың құрым  
Қос ұлағып – Мұрат пенен Дашарың!

## «Ұңғыларды зерттеу жөніндегі үздік оператор» атағының иегері Батырбек Қошбаевқа:



Үш мыңнан астам адам үйге келген,  
Қайда қан ақ тәлісің ата-анам,  
Қайда қан ақ тәлісің балаларым,  
Жүз жетпіс жүз үйлеріңдегі үш шауып,  
Ондай ма еліміз өрнек көрсеткенді?

Қайда қан ақ тәлісің ата-анам,  
Қайда қан ақ тәлісің балаларым,  
Жар болсаң мыңар кез бір Жаратып,  
Қолдан бір Қосжан құла атыларым.

Аз бүгін жетістіктерің сұлтанысың,  
Азаматың атың көкке шығарысың,  
Атаң мен әкең, апаң – бәрі мұғал  
Әулетіңді мұнайшылар ұрпағысың.

Ұяның ұақыты да өткізгірін,  
Бір Құдай түйі бары жеткізгірін,  
Без ұяның намысыңа қан қыздыр,  
Алдыңа ақ жұлдыз бол тұрғыр.

Еңбеге белгі мақта, бекез болсын,  
Өмірді бағалай тәтті ішкен болсаң!  
Жетерсің бір басым атағың бар,  
Тейіре елді басқа еске болсаң!

## Маңғыстау ауданы бойынша «Жас мұнайшы» атағының жеңімпазы Еділ Бекмұратовқа:



Тұлпар ерін салған өңірдің ішінде,  
Десең қанатыңнан сұмсылаң.  
Құлағың қанаттың соңы бұнығысың.

Тамыты тартан бабаң батырмың,  
Жүз қазір жеті естіліп атың түсің.  
Жарылым, «Жаңартушы» – жемісің атың,  
Алаңқа мәлім болсын ақпандың!

Сарғу іңкір сарыма да келесі бол,  
Түлген атаң сымды төбесі бол!  
Түсіңдей сүсіңің ел қайратпаң,  
Ұябай, ілің сымды өресі бол!

Осының бәрі – сенің бабаларым,  
Далам саятан қалған даналарым,  
Көңі баста солар сымды,  
Көңілің ұрпақ,  
Көрсендей болсын сенен абаданым!

Еліңнің шың басында шырағы бол!  
Алаңыңды лотқа тарам бол!  
Жұмақаш атаң сымды жүзетің сүйең,  
Ұяның мақтан тұтар ұламы бол!

## «Қабат қысымын ұстау жөніндегі үздік оператор» атағының иегері Нұрбол Еділөвке:



Жымыл батыс, шығыс, түстіңден,  
Сайысқа кізі сипақтар түстің кізің.  
Қалыңды Батырбектеңді бағармаң,  
Қарияң үздіктеріңді ұнатқаның.

Бәйбіге қызың елің ақ тайлағым,  
Көтеріп шығарып биле қойбайлағым,  
Мұқалым, дәрлеріңді баласы ең,  
Мұнайшы жетіне ат байлағым.

Арғы атаң Шенен бабаң шеніңісің,  
Жырманды Эскерияның естесің,  
АҚШ-тан азылғышың түрентің кет,  
Ұя төңіре еңбектерің қолдесің.

Қиылау, сүйлеп кетсең, қызматтың,  
Ойыңды саңырауменен тұр жарыңды.  
Асылың өнерге қойып «бүтін» десе,  
Сағаттан, тырсаққа да қызматтың.

Көрсенің көңілің салып шалғандың,  
Әр сүйің көңіліңе қоятынды.  
Қаз-үрек, тауық, баққан «қобайың» бар,  
«Құсың» деп атаң да болғандың.

Айналар ат – тұтпар, тай – құлаң,  
Ар менен айбар боп байлағым да;  
Қастайды сүйеніңіз «бүтін» ең,  
Қастайды ишқар болсын айырың да!

Арнаулардың авторы: Рахат ҚОСБАРМАК

## «Маңғыстаумұнайгаздың» өнерпаз өрдеріне:

Ризықтесті «Айтқысар ақша» дейді,  
«Сүйеуіңе қол-мақпал жасап» дейді,  
Батырға мен Нұрсолды «Жарға құштар,  
Өзегіңіз өзгесіңе жасақ» дейді.

Давыды «Күзі көмей әні» дейді,  
Алашқа Давыд: «Ән салшы», - дейді.  
«А.Итәлиев»-сүйер, Қайрат пен Айбек – күшің,  
Қадырбек: «ақ өнерге жарнама» дейді.

Тілекпен атаң берсе, аттарың қоп,  
Атыңа сүйеңің ел «аттасма» деп.  
«Өзімнен, Мақпұл мен Қайрат, Тахтан,  
«Қалжың» аңызды – мақпалым» деп.

Жаппағың ел аумағы өзгендері,  
Есіңмен естіген жүрт елдерді,  
Тұдайы боп мылқитырың ұмса берсін,  
«Маңғыстаумұнайгаздың» өрденің!



Юбилей

# ТОО «МУНАЙТЕЛЕКОМ»: НАМ 20 ЛЕТ!

В декабре 1998 года по решению Правления акционерного общества «Мангистаумунайгаз», на базе ликвидированного имущества предприятия «Производственно-техническое управление связи», было создано Товарищество с ограниченной ответственностью «Мунайтелеком». В честь юбилея образования Товарищества в здании Мангистауской областной филармонии был дан концерт силами местных творческих исполнителей. Помимо творческой части вечера, лучшим работникам ТОО «Мунайтелеком» были вручены награды и медали за отличительные заслуги на производстве.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Мунайтелеком» - предприятие с полувековой историей. Основанное в 1966 году, изначально как участок связи, позже - «Контора связи», в 1996 году - «Производственно-техническое управление связи» с вновь присоединенными участками автоматизации производства месторождений «Каламкас» и «Жетыбай», оно является одним из старейших предприятий нашего региона.

В 2016 году компания уже праздновала юбилей - 50 лет со дня образования при объединении «Казхастнефть».

- Компания объединяет нефтяные промыслы полуострова Мангистау и такие населенные пункты как: поселок Жетыбай, Мунайши, Кызыл-Тобе, Ынтымак, полуостров Бузачи и сам административный центр региона - Актау - в единое информационное пространство. Предприятие напрямую способствует освоению нефтяных богатств нашей земли, оказывает широкий спектр услуг, рассчитанных на различные категории потребителей, а также занимает прочные позиции в регионе, - отметил генеральный директор ТОО «Мунайтелеком», Ербол Мукашев.

Так, как самому предприятию уже более 50 лет, на праздник в честь юбилея

Товарищества были приглашены более 70 ветеранов компании, участвовавших в создании и формировании такого явления на рынке нефтесервиса, как организация «Мунайтелеком». Старейшина предприятия была дана возможность встретиться друг с другом заранее, до начала праздничного вечера, чтобы ветераны труда ТОО «Мунайтелеком» смогли пообщаться и вспомнить времена своей трудовой славы.

- Я начал работать в далеком 1976 году. Это было давно, начинал я инженером-электриком, дослужился до начальника группы связи, а потом уже перешел на работу в отдел охраны труда и техники безопасности. Там я проработал 37 лет. В наше время была советская дисциплина, жесткая, нарушений техники безопасности не допускалось от слова «совсем». Безопасность на производстве - самое главное. Свое я отработал, опыт передал молодому поколению. Сейчас я на заслуженном отдыхе, но сегодня, в день юбилея компании, хочу пожелать всем молодым работникам - будьте также внимательны и бдительны, как мы в свое время и компания возьмет еще больше высот, - сказал Бауржан Махмутов, ветеран труда ТОО «Мунайтелеком».

На сегодняшний день ТОО «Мунайтелеком» является ведущим предприятием в своей отрасли, произ-



водственные цеха которого оснащены современными программными и аппаратными средствами, с высокими качественными показателями предоставляемых услуг. Компания оказывает такие услуги как: обеспечение телемеханизацией нефтедобывающих объектов, автоматизация технологических процессов и метрологического обеспечения средств измерения, спутниковый мониторинг автотранспортных средств, видеонаблюдение и охранно-пожарной сигнализации, обеспечение различными видами производственной связи объектов и предприятий АО «Мангистаумунайгаз», а также совместных предприятий и других организаций, занятых в нефтедобывающей отрасли, включая предприятия народнохозяйственного сектора.

В планах Товарищества - разработка и внедрение современных технологий,

таких как беспроводная связь, беспроводные способы передачи данных, беспилотные летательные аппараты с тепловизорами для охраны и мониторинга территорий месторождений.

- Мы хотим внедрить автоматизацию скважины путем внедрения интеллектуальных станций управления на нефтяных месторождениях. В наших планах заняться сборкой станций и комплектующих к ней. Сбор информации, передача данных в диспетчерскую, в режиме онлайн диспетчера могут видеть параметры скважины и управлять ею.

Буквально 5 декабря мы получили сертификат на производство станций, начало положено - будем дальше работать в этом направлении, - отметил генеральный директор Ербол Мурзабекович Мукашев.

В честь юбилея, ветераны и действующие работники предприятия были награждены за заслуги на производстве. Порядка 40 человек получили почетные грамоты, благодарственные письма и медали от АО «НК «КазМунайГаз», АО «Мангистаумунайгаз», областного, отраслевого профсоюза и акимата. К грамотам и благодарственным письмам были вручены сертификаты на получение денежной премии, которое способствует мотивации работников, заявлять о себе, расти вверх по карьерной лестнице, проявлять амбиции.

- Мы решили устроить концерт - поддержать имидж предприятия. Не хотели праздновать тривиально - в ресторане или кафе, а именно провести праздничный вечер, так сказать, заявить о себе. В связи с этим были приглашены гости с Акимата области, АО «НК «КазМунайГаз», АО «Мангистаумунайгаз», областного и отраслевого профсоюза, а также с ТОО «OSC», ТОО «OCC», ТОО «OTK», ТОО «МЭМ», - отметил Бауржан Назарович Торгаев, руководитель группы по управлению человеческими ресурсами и социальной политики ТОО «Мунайтелеком».



## ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН



Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанына биыл 27 жыл толып отыр. 1991 жылы Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде еліміз көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді. Халқымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі, ең алдымен, халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтана деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай келешек ұрпаққа жалғастыру керек деп ойлаймын.

Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның басты мақсаты.

Oil Services Company» ЖШС ұжымы да ұйымшылдығымен, бар күш-жігерімен еліміздің өсіп-өркендеуіне өздерінің орасан үлесін қосуда. Негізгі жұмыс саласы бойынша бұрғылау, ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу бригадалары алға қойған міндеттемелерін абыроймен орындап келеді. Ұжымның жетістіктерінің барлығы Тәуелсіз егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі деп білеміз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ алтынбайтын қамал жоқ. Елбасының халқына артып отырған үміттерін ақтау үшін аянбай еңбек етеміз деген сенімдемін.

Еліміздің экономикасын арттырып, қара алтын өндіру жолында жүрген барша мұнайшыларды басты құттық мерекеміз - Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің Тәуелсіздігі баянды болғай.

**Бекқожа Боранбаев,**  
«Oil Services Company» ЖШС  
Бас директоры



## ОЗАТТАРҒА - ҚҰРМЕТ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-інде және сенімгерлік басқарушы мекемелерінде салтанатты жиын өтті.

12-желтоқсанда Мұнайшы кентінде Жетібай технологиялық көлік басқармасының «West Oil Software» Серіктестігі, 13 желтоқсан күні Қаламқас кен орнында Бозашы технологиялық көлік басқармасы «Бозашы-ТрансҚұрылыс» Серіктестігі жұмысшылары салтанатты жиында бас қосты.

алғыс хаттармен марапаттады. Озаттарға қаржылай сертификаттар табысталды. 14 желтоқсанда Ақтау қаласындағы «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС мекемесінде салтанатты жиын өткізіліп, ұжымды мекеме басшысы Серік Кеулимаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Темірхасов



Жиналысқа «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-нің басшылары мен «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің Локалды кәсіподағы» ҚБ төрағасы және сенімгерлік басқарушы мекемелерінің басшылары қатысты. «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директоры Серік Кеулимаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Темірхасов, «West Oil Software» ЖШС басшысы Тілеген Қарджаубаев және Азамат Нағметов, «Бозашы-ТрансҚұрылыс» ЖШС-нің басшысы Қыдырқожа Бокаев және Кенған Ерулан өздерінің құттықтау сөздерінде жұмысшылар мен ардагерлерге атқарған ерен еңбегі үшін және Қазақстан елін нығайтуға қосқан үлесі үшін алғыс айтты. Сонымен қатар барлық мекеме қызметкерлерінің бірігіп атқарған жұмыстарының негізінде қол жеткізген оң нәтижелер де атап өтілді. «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «West Oil Software» ЖШС және «Бозашы-ТрансҚұрылыс» ЖШС-тері өндіріс озаттарын құрмет грамотасымен,

құттықтады. Зейнеткерлер Сәтжан Ізмагамбетов, Мудасар Күзембаев, Бірғали Сейтқожаев, Сенбай Естегов, Байман Мауленовке алғыс хаттар мен мерекелік сыйлықтар табысталды. Өндіріс озаттарына төбелгі беріліп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ОТК» ЖШС және «Самұрық-Қазына» атынан құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды. Сондай-ақ, 5-9 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай өткізілген Спартакиадаға қатысқан қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, жүдделі орындарға ие болғандарға «Спартакиаданың командалық үздік жеңімпаздар кубогы» берілді. Салтанатты жиын «ОТК» ЖШС Жастар кенесінің жетекшісі Жаңалық Бисенғұлдың орындауындағы әнмен жабылды.

**«Ойл Транспорт Корпорейшн»**  
ЖШС

### 22 желтоқсан - Энергетик күні



Энергетик күні – қоғам дамуының дңігегі болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қалыптасуы жұмыс істеуі үшін қажетті электр энергиясымен қамтамасыз ету жолында елеулі еңбек атқарып жүрген жауапты мамандардың кәсіби мерекесі.

Энергетика – ел экономикасының алтын өзегі. Сондықтан айтулы мереке өмірін тек энергетика саласымен байланыстырған адамдарды құрметтеуге ғана арналмайды, сонымен қатар бүл – энергетиктер буыны атқарған жауапкершілігі зор жұмыстарды жоғары бағалау. Мемлекет басшысы

## ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКА ӨЗЕГІ

Н.Ә. Назарбаев энергетиканың дамуына аса көңіл бөледі, себебі экономиканың барлық басқа салаларының өмірге икемділігі, үйдегі жайлылық пен жылулық, барлық тіршілік энергетикаға байланысты.

Аймағмыздағы ширек ғасырға жуық даму тарихы бар «Маңғыстау энергомұнай» серіктестігі – өніміздің мұнайлы кенорындарындағы алыпты электр қондырғыларын, генераторлар мен трансформаторларды, электр жүзесін тарататын және реттейтін қондырғыларды, электр жарықтандыру жабдықтарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету, басқа санаттардағы өзге де электр жабдықтарын жөндеу мен оларға техникалық күтім жасау, электр энергиясымен қамтамасыз ететін тарату нысандарын салу, электртехникалық және электромонтаждау жұмыстарын атқаратын мамандандырылған ұйым. Серіктестік қызметтері мен жұмыстарына негізгі тапсырыс берушілері - «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның

компаниялар тобының еншілес ұйымдары. Қазіргі кезде «МЭМ» серіктестігі өз қызметтерінде электр тарату желілерін пайдалану жөнінде мамандандырылған кәсіпорын болып табылады. Аталмыш ұжым 2014 жылдан бастап Қаламқас кенорындағы электр жабдықтарының сенімділігін арттыра отырып, электр қуатының іркілісін тежейтін 2x45МВ «Қаламқас» Газ турбиналық электр станциясының пайдалануға берілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Электр желілік Ережелеріне сәйкес "Энергия өндіруші ұйымдар" санатына жататын компания мәртебесіне ие болды.

«Маңғыстау энергомұнай» серіктестігінің өңір көлемінде тұрақты қызмет көрсетуі - серіктестік еңбегінің аса маңыздылығы мен ұжымның бәсекеге қабілеттілігінің айқын көрсеткіші. Мұнай кәсіпорындарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп отырған ұжым бастауында серіктестіктің ірге тасын қалаған ардагерлер қауымы және бірлігі жарасқан ұжым жұмыскерлері тұр. Сондықтан ұжым басшысы ретінде айтылар алғы тілек - осы ұжымдағы әріптестеріме және аға буынға арналады. Ұжым ардагерлеріне бірнеше жылғы



серіктестік дамуына қосқан сүбелі үлестеріңіз бен адал еңбектеріңіз үшін шыншайы алғысымды білдіремін.

Осынау елеулі мереке қарсаңында кенорындардың үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етіп отырған барлық өндірістік қызмет жұмысшыларына және кенге қызметкерлеріне төл мерекелеріңіз - энергетик күні құтты болсын демекші. Дендеріңіз сау болып, шаңырақтарыңыз қамтамасыз етіп отырған табысқа толысың! Еліміздің дамуы жолындағы атқарған барлық істеріңіз сәттілікке және толағай табыстарға толы болсын!

Келе жатқан Жаңа 2019 жыл әр шаңыраққа құт-береке, амандық пен қуаныш әкелсін!

**Н.Қосбаев,**  
«Маңғыстау энергомұнай» ЖШС  
Бас директоры

## Нәтиже - 2018



## Наши победы - 2018



Команда ветеранов АО «Мангистау-мұнайгаз» одержала победу на республиканском турнире по футболу в Астане, посвященном 5-летию со дня образования «Казахстанского отраслевого профсоюза нефтегазового комплекса».

Соревнования проходили в столичной «Астана Арена» и помимо АО «Мангистау-мұнайгаз», в них принимали участие ветераны из АО «НК «КазМунайГаз», «КазТрансОйл», «Каражанбасмунай» и др. По регламенту состязания до матча допускались игроки от 50 лет и старше.

Турнир проходил по круговой схеме и его победителем стала команда ветеранов АО «Мангистау-мұнайгаз» во главе с капитаном Таргынном Мысамбаевым, приз

лучшему бомбардиру соревнований достался нашему коллеге – директору производственного департамента Айдоусу Түйебаеву. Кроме того, за большой вклад в развитие физической культуры и спорта в Мангистауской области, активное участие в Спартакиаде АО «НК «КазМунайГаз» – 2018, спортивной делегации АО «Мангистау-мұнайгаз» был вручен специальный Кубок отраслевого профсоюза.

## СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

Желтоқсан айының 20-жұлдызында «Мангистау» телеарнасының жыл қорытындысына арналған Жаңа-жылдық телевизиялық кеш өтті. Шара барысында телеарна рейтингін көтеруге үлес қосқан бірқатар компаниялар алғыс хатпен марапатталды. «Қазақстан» РТРК» Акционерлік қоғамы филиалдары арасында облыстық телеарнаның жоғары көрсеткіше қол жеткізуіне үлес қосқан «Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы да бар.

«Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы «Мангистау» телеарнасымен ұзақ жылдардан бері әріптестік бірлікте жұмыс жасай келеді. Екпінді

еңбек тынысын толостатпай, өндірістің қазанын қайнатып жүрген мұнайшылар тынысы телеарна назарынан тыс қалған емес. Компания тынысынан хабардар ететін мәдени-көпшілік шаралар, қайырымдылық акциялар, мұнай кәсіпшіліктерінің тыныс-тіршілігі туралы жаңалықтар, мұнай көзін ашқан ардагер мұнайшылармен тікелей эфирде сұхбаттар, сондай-ақ арнайы тақырыптық хабарлар жыл бойы көрермендердің басты назарында.

Тұтас елдің мүддесіне қызмет ететін телеарна ұжымына ақпарат айдынындағы алар асуларыңыз биік болсын деп тілек айтамыз. Әріптестігіміз нығайып, серіктестігіміз дами берсін!

## ВETERАНЫ СОРЕВНУЮТСЯ И ПОБЕЖДАЮТ!



## ҚАЛАМҚАСТАҒЫ ТУРНИР

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының цехтары арасында волейболдан жарыс өтті. Жарысқа алты команда қатысты.



Жыл сайын ұйымдастырылатын спорттық жарысқа қатысушылар ойын алаңында екі күн бойы өзара бақ сынасты. Финалға шыққан қабат қысымын ұстау цехы, 1-мұнай-газ өндіру және 4-мұнай-газ өндіру кешені командалары өте қызықты және тартысты ойын көрсетіп, жанкүйерлерін еліктіріп қызықты сайыс көрсетті.

Алдымен шыққан қабат қысымын ұстау цехы және 1-мұнай-газ өндіру кешені командалары ойып, 2:0 есебімен қабат қысымын ұстау цехы командасының пайдасына аяқталды. Келесі кезекте - 4-мұнай-газ өндіру кешені мен

1-мұнай-газ өндіру кешені арасындағы ойын 2:0 есебімен 4-мұнай-газ өндіру кешені командасының пайдасына шешілді. Сонымен шешуші ойын қабат қысымын ұстау цехы және 4-мұнай-газ өндіру кешені командалары арасында өтті. Тартысты бөсекте екі қарсылас та бір-біріне сай ойнады. Жарыс соңы 2:1 есебімен қабат қысымын ұстау цехы командасының жеңісімен аяқталып, бас жүлдені қанжығасына байлады.

Шара соңында жарыс жеңімпаздарына арнайы кубок пен ақшалай сыйлықтар табысталды.

13 декабря в спорткомплексе «Ақтау» завершился турнир по футболу (5х5), среди департаментов и управлений АО «Мангистау-мұнайгаз», посвященный Дню Независимости Республики Казахстан. В соревнованиях приняли участие команды из Каламкаса, Жетыбая, ДБПиЭА, а также объединенная команда ДГиРМ/ДЗиМТС.

## КУБОК УЕЗЖАЕТ В ЖЕТЫБАЙ

Турнир проводился по круговой схеме, каждая команда сыграла по три игры. В итоге дважды одержав победу и один раз сыграв вничью, победителями соревнований стали нефтяники из Жетыбая. На втором месте команда ПУ «Қаламкас-мұнайгаз», замкнули призовую тройку работники ДГиРМ/ДЗиМТС.

По итогам состязаний, организаторы турнира вручили индивидуальные призы лучшим игрокам. Игрок, лучшим вратарем соревнований был признан – Бауыржан Ходжаев (ДГиРМ/ДЗиМТС), лучшим защитником – Бекзат Таганов (ДГиРМ/ДЗиМТС), лучшим нападающим – Бақытжан Нагиманов (ПУ КМГ), а приз лучшему игроку достался Нурбеку Казиеву (ПУ ЖМГ).



Мұнайлы Өлке

Меншік мекені:

«Мангистау-мұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Султанов

Редакция алқасы: Д.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, А.Ақшаева.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-450 212-462, 212-492

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
 Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
 Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
 Индекс: 64265

«ATIS» ЖШС баспаханасында басылды.  
 Ақтау қаласы, 17 ш.а.  
 тел: 525500